

ӘОЖ 372.881

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ
(10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН)****Қыдырбай Аяна Ғалымжанқызы**

SDU университетінің қазақ тілі мен әдебиеті 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: Жолшаева Майра Сатыбалдиевна,
Филология ғылымдарының докторы, SDU профессор

Бұл мақалада 10 - 11-сынып оқушыларына академиялық жазылымды үйретудің әдістемесі қарастырылады. Жазу – адамның ойлары мен пікірлерін жазбаша түрде жеткізу әрекеті, ал жазылым дағдысы – бұл ойларды жүйелі, дәлелді және ғылыми талаптарға сәйкес ұсыну қабілеті екендігі айқындалып, оның ішінде академиялық жазылымға тоқталады. Академиялық жазылым – бұл тек жазбаша сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау, ақпаратты талдау және ғылыми стильде жазу дағдыларын дамытуға бағытталған. Зерттеу барысында академиялық жазылымның негізгі талаптары мен ерекшеліктері талданып, жазылым дағдыларын дамытуға арналған тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылған. Академиялық эссе жазу, аргументті түрде дәлел келтіру, ғылыми стильді қолдану сияқты негізгі бағыттар бойынша жазба тапсырмалары оқушыларға жүйелі түрде ұсынылған. Мақалада зерттеу әдісі ретінде сауалнама жүргізіліп, оқушылардың академиялық жазылым дағдыларының деңгейі анықталған. Жұмыс барысында қолданылған әдістердің жазылым мәдениетін қалыптастыруға, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал еткені көрсетілген. Зерттеу нәтижелері академиялық жазылымды оқыту арқылы оқушылардың тілдік, аналитикалық және шығармашылық дағдыларының дамитындығын дәлелдейді, сонымен қатар оларды сыни тұрғыдан ойлауға, ғылыми ақпаратты терең түсінуге және өз пікірлерін дәлелді түрде жеткізуге дағдыландырады.

Кілт сөздері: академиялық жазылым, эссе жазу, ғылыми стиль, дәлел келтіру, жазылым дағдылары, оқыту әдістемесі.

Кіріспе.

Жазу – адамның ойлары мен пікірлерін жеткізетін, сондай-ақ ақпаратты жазбаша түрде баяндау процесі, ал жазылым дағдысы - бұл адамның өз пікірлерін, ойларын нақты, жүйелі түрде және дәлелді түрде жазбаша жеткізу қабілеті. Ал хабарды, ойды, пікірді дәл, нақты жеткізе алмайтын болса, жеткізуші мен баяндаушы өз мақсатына жетпейтіні анық. Сондықтан да кез

келген хабарды жеткізуші өз ойларын бір негізгі идеяның айналасына ұйымдастыра алуы қажет, сондай-ақ оны жүйеленген мәтін түрінде нақты жеткізуді, дәлелдеуді білуі керек. Ақпаратты мәтін түрінде жүйелі деректермен жеткізуді мектеп жасынан үйретуді назарға алу керектігін, жазылым дағдысын дамытуды үйрену керектігін көптеген ғалымдармен қатар академиялық орта ұсынады. Соған сәйкес оқушылардың жазылым дағдысын дамыту - қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ғылым мен тіл мәселесіне тұрақты түрде көңіл бөліп келеді. Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сөйлеген сөзінде ол қазақ тілінің ғылым мен білім саласындағы рөлін күшейту қажеттігін ерекше атап көрсетті (1). Осыған байланысты оқушыларды ғылым мен білімге бағыттап, олардың жазба тілін дамыту мақсатында мектеп кезеңінен бастап функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға жүйелі түрде көңіл бөлу қажет. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – жеке тұлғаның меңгерген білімін тек бір пән аясында ғана емес, күнделікті өмірдің түрлі жағдайларында тиімді пайдалана алу қабілеті (2). Яғни, адам кез келген ақпаратты түсініп, оны дұрыс талдап, нақты мақсатта пайдалана отырып, мәселелерді шешу үшін қажетті білім мен дағдыларды қолдана алуы тиіс. Бұл дағды тек оқу барысында ғана емес, өмірдің әртүрлі жағдайларында, мысалы, жұмыс орнында, қоғамдық қатынастарда немесе күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесі жаңартылған мазмұнға сай құрылған. 2022 жылғы жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты бойынша білім беру мазмұнының басты мақсаты - оқушылардың функционалды сауаттылығын, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін, өз ойын дәлелмен жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру (3). Демек, бұл мақсаттардың жүзеге асу мүмкіншілігін – тек пәндік біліммен шектелмей, оқушының алған білімін кез келген ортада тиімді пайдалана алу қабілетін дамытуға негізделгендігінен байқауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, академиялық жазылым функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың оқу, жазу және ойлау әрекеттерін кешенді түрде дамытуға ықпал етеді әрі тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды тетігі саналады. Академиялық жазылым – жеке пікір мен идеяны жүйелі түрде жеткізіп, оны дәлелдей алу, сондай-ақ мақсатты аудиторияға бағыттап ұсыну дағдысы болып табылатынын ескере отырып, бұл үдеріс ғылыми мәтіндер жазумен қатар, жазу стилі мен тілдік құралдарды орынды таңдап, тиімді қолдану мүмкіндігін қалыптастырады (4). “Академиялық мәтін жазу шеберханасы” еңбегінде академиялық мәтін жазу ойлар мен идеяларды, ғылыми ақпарат пен зерттеу нәтижелерін академиялық орта талаптарына сәйкес ұсынуға мүмкіндік беретін жазу үлгісі ретінде сипатталады. Бұл жазу түрі білім алушылардың ғылыми стильді меңгеруіне, мәтін құрылымын сақтауға және тілдік құралдарды мақсатты аудиторияға сай тиімді қолдануына бағытталған (5). Академиялық жазылым - тек жазбаша сауаттылықты дамытумен

шектелмей, оқушыларды ғылыми тұрғыда ойлауға, пікірін дәлелдеуге, ақпаратты талдап, қорытынды жасауға үйрететін дағды. Демек, бұл бағыт мектептегі функционалды сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде ерекше мәнге ие. Академиялық жазылымды меңгеру арқылы оқушылар өз ойларын логикалық тұрғыда жүйелеп, дерек пен дәлелге сүйеніп жазуға, ғылыми стиль ерекшеліктерін, мәтін құрауда тіл мәдениетін сақтауға дағдыланады. Сондықтан академиялық жазылымды 10-11-сынып оқушыларына үйрету – жаңа білім беру мазмұнының құзыреттілік талаптарын жүзеге асырудың маңызды бөлігі екенін көреміз. Бұл бағытта білім беру оқушылардың жоғары деңгейдегі тілдік, танымдық және сыни ойлау қабілеттерін дамытып, болашақ академиялық өмірге дайындайды.

10-11- сыныпқа арналған “Қазақ тілі” пәнінің білім беру мазмұнында оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамыту көзделген. Оның ішінде жазылым бағыты бойынша оқушының ғылыми, публицистикалық және ресми стильдерде мәтін құра білуі, дәйексөз келтіріп, сілтеме жасау, мақала, эссе жазу онымен қоса көрсетілген мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдей білуі – талап етіледі. Бұл талаптар тікелей академиялық жазылым дағдыларын меңгерумен байланысты (6).

Әдістер мен материалдар

Академиялық жазылымға байланысты қарастырылған тақырыптардың ішінде 10-11-сыныптарға арналған жазылым дағдысы бойынша төмендегідей мазмұн ұсынылған:


1-кесте. Білім беру мазмұны бойынша берілген тақырыптар

10-сынып	11-сынып
<p>- публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, баспасөз парағы, тезис, интервью жазу, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе);</p> <p>- ғылыми-көпшілік және көркем мәтіндердегі негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін құрастыру.</p>	<p>- ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, баспасөз парағы, тезис, үндеу жазу, қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе),</p> <p>- дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация), кәсіби және публицистикалық бағыттағы мәтіндердегі басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру.</p>

Ұсынылған базалық мазмұн бойынша оқу мақсаттарға да жіктелген. Оқу мақсатына сай оқушылар әртүрлі стильде мәтін құрастыруымен қатар оған сай

эссе түрлерін ажыратып, жаза алуы тиіс. Соған сәйкес, мәтін жазу кезінде қолданылу керек сөздерді дұрыс пайдалана алу да, қойылған талаптарды сақтап жаза алуы да – шарт. Осындай талаптар мен шарттарды қамтамасыз ету үшін зерттеуімізде шетелдік ғалымдардың еңбектерін негізге алдық. Оның ішінде “Академиялық жазылымды арттырудың 50 қадамы” атты еңбек бойынша оқушылардың жазылым дағдысын арттыру мақсатында талдау жұмыстарын қарастырдық (7). Келесі кезекте “Академиялық мәтін жазу шеберханасы” еңбегінің негізінде жазылған ұстанымдар мен ережелерді салыстыра отырып, оқушылардың академиялық ортаға тез бейімделуіне қажетті теориялар мен ұсынылған тапсырмаларды сараладық. Зейнехан Күзекованың “Академиялық жазу” атты оқулығында көрсетілген үлгі тапсырмаларды саралап, оқушыларға жазылым дағдысын қалыптастыруда эссенің кіріспе, негізгі бөлімі мен қорытынды бөліміне байланысты көрсетілген жұмыстармен танысып, жүйелі талдау жұмыстарын жасадық (8).


Оқушылардың академиялық жазылым дағдыларын дамытудағы тиімді әдістемелерді анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама арқылы 10-11-сынып оқушыларының академиялық жазылым дағдыларының деңгейі, қолданылатын әдістемелер мен оқу үрдісіне деген қатысын бағалау көзделген болатын. Сауалнама жүргізу барысында оқушылардың академиялық жазылым туралы түсініктерін анықтау үшін ашық және жабық сұрақтар қойылды. Сәйкесінше, оқушылардан алынған сұрақтардың нәтижесі – 10-11-сынып оқушыларының жазылымның нақты академиялық сипаттамаларын, оның құрылымын және маңызын түсіну деңгейін анықтауға көмектесті.



1-сурет.

Сауалнаманың алғашқы бөлімінде оқушылардың академиялық жазылым саласындағы білім деңгейлерін анықтауға бағытталған сұрақтар қойылды. (сурет-1) Осы нәтижелерге сүйене отырып, оқушылардың академиялық жазылымға қатысты қабілеттері мен дағдылары әртүрлі болып шықты.

Көптеген респонденттер негізгі ережелер мен құрылымдарды меңгергендерін көрсетті, бірақ кейбір оқушылар үшін ғылыми тілдің ерекшеліктері мен күрделі құрылымдарды пайдалану қиындық тудырды. Сонымен қатар, кейбіреулер өз білімдерін жетілдіру үшін қосымша көмекке мұқтаж екенін атап өтті. Жалпы, бұл нәтижелер оқушылардың академиялық жазылымға деген қызығушылықтары мен өз мүмкіндіктерін бағалауда әртүрлі көзқарастарын көрсетті.



2-сурет.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің академиялық жазылымның негіздерін түсіну деңгейі әртүрлі. Бірнеше респондент академиялық жазылымның негізгі талаптарын жақсы біледі, әсіресе дереккөздерді беру мен нақтылық мәселелері бойынша түсінігі қалыптасқанын көреміз. Дегенмен, бейресмилік пен объективтілік мәселелері бойынша жауаптар әртүрлі болды, бұл – олардың академиялық жазылымның стандарттарына толық білмейтінін көрсетеді. Осылайша, академиялық жазылымның барлық талаптарын білу және оларды тәжірибеде қолдану деңгейі әртүрлі болуы себепті, осы мәселе аясында оқушыларға түсіндіру және оқыту жұмыстары жүргізілуі қажет екендігін байқаймыз.



3-сурет


Сауалнаманың екінші бөлігі бойынша алынған нәтижелерге қарағанда, респонденттер өз жазбаларында академиялық жазылымның түрлі белгілерінің

қаншалықты қолданылғанын әртүрлі дәрежеде бағалаған. Нақтырақ айтар болсақ, респонденттердің көпшілігі өз жұмыстарында “Дәйектер мен сілтемелер” және “Нақтылық пен дәлдік” белгілерінің толық немесе орташа деңгейде қолданатындығын көрсеткен. Бұл академиялық жазылымда нақтылықтың маңызды екенін көрсеткенімен, барлық респонденттердің осы талаптарды толығымен орындай алмайтыны байқалады. Сонымен қатар, “Ресми жазу стилі” және “Объективті көзқарас” белгілерінің пайдаланылуы әлдеқайда төмен болған. Көптеген респонденттер бұл белгілердің өз жұмыстарында аз немесе мүлдем кездеспейтіндігін белгілегенін байқаймыз. Бұл, әсіресе, жазылымда ресми стиль мен объективті көзқарасты қолдануға қатысты жеткіліксіз білім мен дағдылардың бар екенін көрсетеді. Өз жазбаларында терминдердің қолдану аясына байланысты белгілеген респонденттер арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Өйткені кейбір респонденттер терминдерді толық қолданса, енді бірі мүлде қолданбайтындығын аңғаруға болады. Жалпы, сауалнама нәтижелері академиялық жазылымның негізгі талаптарын білу мен тәжірибеде қолдану деңгейі әртүрлі екенін көрсетті. Бұл көрсеткіштер оқушыларға академиялық жазылымды жетілдіру және оның стандарттарына сәйкес жазуға үйрету қажеттігін айқындады.

Академиялық жазылымның басты ерекшелігі қандай?

[Copy chart](#)

11 / 23 correct responses



4-сурет

Сауалнаманың нәтижесіне сәйкес, академиялық жазылымның басты ерекшелігі ретінде дәлелдерге сүйену ең жоғары пайызды алды, яғни респонденттердің 47,8%-ы осы жауапты таңдаған. Бұл көрсеткіш академиялық жазылымда аргументтер мен дәлелдердің болуының маңыздылығын көрсетеді. Осыған байланысты оқушылар академиялық жазылымның басты талаптарының бірі дәлелдерге сүйену екендігін түсінеді. Сонымен қатар, қысқа және бейресми болу жауаптары 17,4%-ды құрады. Бұл көрсеткіштің төмен болуы академиялық жазылымда стиль мен формалдылықтың қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Яғни, оқушылардың көпшілігі академиялық жазылымда қысқа және бейресми болудың емес, формальды және құрылымдық талаптардың маңызды екенін түсінеді. Сезімге толы болу және әңгімелеу түрінде жазылуы жауаптарының сәйкесінше 21,7% және 13% құрауы, оқушылардың

академиялық жазылымның мазмұнын эмоциядан алыстап, объективті түрде ұсыну керектігін білуге қатысты білімнің әлі де жетілдірілуі қажет екенін көрсетеді. Бұл сауалнаманың негізгі мақсаты – оқушылардың академиялық жазылымға деген жалпы көзқарасын, оның ерекшеліктерін қаншалықты түсінетінін анықтау болды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың академиялық жазылымды қабылдау деңгейі қалыптасқан. Алайда, жазылымның негізгі талаптарын тереңірек түсіндіру үшін оларға қосымша әдістемелік қолдау көрсету қажеттігі байқалды. Жазылым дағдыларын жетілдіру үшін қазақ тілі сабақтарында жүйелі әрі құрылымдалған әдіс-тәсілдерді қолдану, оған қоса оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар енгізудің маңыздылығы артқанын көреміз.

Соңғы жылдары “Жаңартылған білім беру мазмұны – білім алушы үшін қолайлы білім ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлай алатын, зерттеу және тәжірибе жұмыстарын жүргізе алатын, функционалды сауатты, қоғамнан өз орнын таба алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру тұрғысында құрылған” (9). Сол себепті, академиялық жазылымды оқытуда білім алушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуды баса назарға алып, оның жазу дағдысының қалыптасуына бағыттайтын жұмыс түрлерін ұсынуға тырыстық.

Нәтижелер мен талқылау

Академиялық жазылымды түсіндіру барысында алынған сауалнама нәтижелері бойынша 10-11- сынып оқушыларына арналған әртүрлі тапсырмаларды беруге тырыстық және әр тапсырманы орындау үшін әрбір тақырып алдын ала түсіндірілді. Ғылыми бағыттағы жазбаша тапсырмаларды орындау үшін “Академиялық жазу” кітабынан алынған арнайы кестелермен жұмыс істедік. (Кесте 2) Эссені жазу кезінде немесе кез келген академиялық мәтінді жазу кезінде оның мақсаты мен аудиториясының, құрылымы мен тілдік қолданыстарының, ойының тереңдігінің, дәлелі мен дереккөзінің болатындығын алдымен түсіндірген болатынбыз. Онымен қоса оқу бағдарламасының тақырыптарына сәйкес академиялық мәтін түрлеріне тоқталып, жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2-кесте. Жазба тапсырмаларды орындауда қолданылатын сөздер тобы

Көмекші сөздер	Жазбаша тапсырма түрлері
ұқсастықтар, айырмашылықтар, қарама-қарсылықтар, ұқсас, ұқсас емес, бірдей, әртүрлі	салыстыру эссесі
салдарлар, нәтижелер, себептер, факторлар	себеп-салдар эссесі
қарсы болу, келісу, дәлелдеу, келіспеу, қорғау, ұстаным, сендіру	аргументтік эссе
талдау, сынау, түсіндіру, бағалау	пікір эссе

Академиялық эссеге көшпес бұрын, академиялық мәтін түрлеріне байланысты кесте ұсынылды. (Кесте 3) Оқыту материалдарын “қарапайымнан күрделіге қарай” ұстанымы бойынша орналастыру арқылы тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді жолдарын ұсынуға тырыстық. Оқушылардың әрбір ойын жазба тапсырмасында жүйелі әрі дәлелді жеткізу үшін мәтіндегі байланысты ұйымдастырудың тілдік құралдарын жоғарыда аталған еңбектен ала отырып, соған сәйкес тапсырмаларды жасадық. Мәселен, тілдік құралдарды пайдалана отырып, сараптама мәтінін жазу арқылы мектеп оқушыларының ғылыми сөздерді құрылымдық және мазмұндық жағынан қалай қолдана алатынын байқаған болатынбыз. Алайда академиялық жазылымды оқытудың әдістемесін жетілдіру барысында кейбір қиындықтар да байқалды:

- оқушылардың тілдік деңгейі арасындағы айырмашылық;
- академиялық жазылымның нормаларын игеру үшін уақыттың көп жұмсалатындығы;
- жасанды интеллект құралдарының шамадан тыс пайдаланылуы мәтіннің авторлық ерекшелігін төмендетуі.

Яғни, оқушылардың академиялық жазылым дағдыларын игеру барысында кездескен қиындықтар

Солай дегенмен, әдістемелік тұрғыдан дұрыс бағытталған оқу тапсырмалары, мақсатты түрде жүргізілген кері байланыс пен кез келген тапсырманы орындаудың тиімді жолдарын қолдану арқылы аталған қиындықтарды шешуге болатынын байқай аламыз.

3-кесте. Академиялық мәтін түрлері.

Академиялық мәтін түрі	Жазылу ерекшелігі	Өзге мәтіндерден айырмашылығы	Қолданылатын сөздер
Сипаттама мәтін	Фактілерді немесе ақпаратты оқырманға жеткізу	Мәтінде берілетін мәліметтер жан-жақты сипатталады.	Анықтаңыз, ақпар беріңіз, жазба дайындаңыз, қорытындылаңыз
Сараптама мәтін	Сипаттама мәтінін қамтып, сипатталатын фактілер мен ақпарат санаттарға, бөліктерге, түрлерге жіктеліп, сарапталады. Тақырып аясында қозғалатын мәселе бойынша артық-кемін салыстыру	Сарапталатын мәтін мәліметтерінде диаграмма, кестелер, өрнектер қолданылады.	Талдаңыз, салыстырыңыз, салғастырыңыз, байланыстырыңыз, тексеріңіз
Нандыратын мәтін	Сараптама мәтінінің жетілген түрі. Талқылау және нандыратын	Автор өз көзқарасын білдіруі тиіс. Нақты фактілер келтіріледі, өзгелердің жұмысына	Қарсы пікір білдіріңіз, бағалаңыз, талқылаңыз, ұстанымызды

	элементтер болуы керек.	баға береді. Сәйкесінше, өз ұстанымын, пікірін білдіріп қоймай, дәлелдер келтіруі керек.	анықтаңыз
Сыни мәтін	Сыни мәтін ғылыми зерттеулерде жазылады.	Екі не одан көп көзқарасты, оның ішінде өз көзқарасын жүйелі түрде түсіндіріп, талдап, қорытындылау керек. Белгілі бір ғылыми жүйе, теория тұрғысынан сыни пікір білдіре алуы тиіс	Сын пікір білдіріңіз, пікір таластырыңыз, келіспейтін тұстарын көрсетіңіз, бағалаңыз

Академиялық эссенің құрылымын жүйелеу кезінде, оқушыларға эсседегі бірлікті сақтауға арналған тапсырмалар берілді. Эссенің жазылу құрылымы таныстырылып, эссенің әр бөлігіне жекелей тоқталдық. АКТ құралдары арқылы эссенің түрлері ажыратылды. Соған сәйкес мәтіннің әр бөлігін талдап, жазу үшін берілген тапсырма мазмұны келесідей болды:

Тапсырма -1.

Ұста

Бала кезімде Қорғасбек дейтін көрші ағайдың ұстаханасы бар еді. Сол кісінің қасына барып, әр қимылын қалт жібермей қарап отырғанды керемет ұнататынымын. Қорғасбек аға пішін-пошымсыз қара темірді қып-қызыл шоққа салатын да, әбден ысталған қара көрігін гүрсілдетіп, тоқтаусыз басар еді. Ұшқыны жан-жаққа шашырай жалын атқан оттың ортасында темір балқып қызатын. Сол кезде оны қысқышпен қысыа әкеліп, төске қояды да, дәу балғамен соққылайды. Ұста өзіне керек затын сомдаған соң, кеспектегі суға “быж-ж” өткізіп тастап жіберетін. Сонда әлі пісіп-жетіле қоймаған шалабас бала болсам да, іске татитын, қажетті жарайтын бұйымның оңайшылықпен жасалмайтынын әйтеуір бір түйсікпен аңғаратынымын.

- 1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын тірек сөздерді анықтаңыз.
- 2) Мәтін құрамында жүйелілікті сақтап тұрған сөздерді анықтаңыз.
- 3) Негізгі идеяны өз сөзіңізбен жазыңыз.

Бұл тапсырма оқушылардың академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, себебі ол мәтіннің мазмұнын дұрыс түсіну және негізгі ойды анықтау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, тапсырма арқылы оқушылар мәтіннің құрылымын талдап, оны ғылыми

жазылымда логикалық түрде қолдану дағдыларын меңгереді. Мәтіндегі тірек сөздер мен тілдік құралдарды дұрыс пайдалану оқушылардың сөздік қорын байытып, жазба жұмыстарындағы дәлдік пен түсініктілікті арттырады. Осы секілді тапсырмалар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етіп, өз пікірін жүйелі әрі дәлелді түрде жеткізе білу дағдыларын қалыптастырады.

Эссенің әрбірін талдағандықтан, оқушыларға қорытынды бөлімін жазуға мынандай бақылау парағы берілді:

4-кесте. Бақылау парағы

Бақылау парағы	Өз пікіріңізді растау
Пікір	Берілген тақырыптың маңыздылығы туралы шешім немесе пайымдау жасаңыз
Талқылау	Өз нәтижелеріңіздің салдары мен себебін талдаңыз
Ұсыныс	Сіздің идеяларыңызды жүзеге асыратын әрекет жоспарын ұсыныңыз
Аяқтау	Идеяны аяқтау үшін соңғы абзацты, әсіресе соңғы сөйлемді пайдаланыңыз

Көрсетілген тапсырма оқушыларға эссенің қорытынды бөлімін жазуды үйретуге бағытталған. Оқушылар өз пікірлерін дәлелдермен негіздей отырып, эссенің негізгі идеясын дұрыс қорытындылау дағдыларын меңгереді. Тапсырманың әрбір бөлігі - бақылау, пікір, талқылау, ұсыныс, аяқтау - оқушылардың ойларын логикалық және жүйелі түрде ұйымдастыруға, соңғы абзацта өз ойларын тұжырымдап, қорытынды жасауға көмектеседі. Әсіресе, эссенің қорытынды бөлімін жазу кезінде оқушылар негізгі мәселеге қатысты өз пікірлерін жинақтап, оған қатысты нақты ұсыныстар мен шешімдер ұсынуға үйренеді. Берілген тапсырма арқылы эссе жазудағы құрылым мен логиканы сақтауды, сондай-ақ сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туады.

Зерттеуге қатысатын оқушылардың берілген тапсырмалар бойынша академиялық эссе мен академиялық мәтіндер құрастыру дағдылары бірнеше бағытта жақсаратынын байқауға болады:

Мәтін құрылымының сапасы - кіріспе, негізгі бөлім және қорытындының логикалық байланысы күшейеді;

Аргумент құру қабілеті - дәлел мен мысал келтіру тәсілдері жүйеленеді;

Тілдік нормаларды сақтау - грамматикалық дәлдік пен академиялық стиль нормаларының сақталуы артады;

Бұл зерттеу нәтижесінде оқушылардың эссе жазу процесінде тек академиялық стиль мен құрылымдық талаптарға сай болумен қатар, өз пікірлерін дәлелдермен негіздеу, аргументтерді жүйелі түрде ұсыну дағдыларын да жетілдіретінін көруге болады. Тапсырманың әрбір бөлігін орындау оқушыларға тек ақпаратты жинақтап қана қоймай, оның логикалық байланысын түсіну мен дұрыс құрылымда ұсынуға мүмкіндік береді. Осы арқылы олар өз ойларын терең әрі нақты жеткізе отырып, критикалық тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар, тапсырма олардың тілдік нормаларды сақтап, академиялық тілде тиімді және грамматикалық тұрғыда дұрыс жазуға үйренуіне ықпал етеді. Сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы оқушылар эссе жазудың тек құрылымдық жақтарын ғана емес, мазмұндық жағын да тереңірек түсінеді. Бұл білімдері келешекте ғылыми жұмыстарды жазу барысында олардың артықшылығына айналады. Түйіндей келе, зерттеу академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруда ерекше маңызға ие болып, оқушылардың жазу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған маңызды қадам саналады. Әрбір бөлімнің маңыздылығы мен оның оқушылардың ойлау және жазу дағдыларына тигізетін әсері жоғары екені айқын. Осы әдіс-тәсілдер оқу үдерісін сапалы түрде жақсартуға және оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Академиялық жазылымды оқыту барысында қолданылған әдістемелер мен тәсілдер оқушылардың жазу дағдыларын дамытудың маңызды аспектілерін қамтиды. Бұл процесс оқушылардың ғылыми стильді меңгеруіне, логикалық тұрғыда ойларын дәлелдермен жүйелі түрде жеткізуіне ықпал етеді. Эссе жазу, аргументация және ғылыми мәтіндермен жұмыс жасауда түрлі тапсырмалар мен құралдарды қолдану оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Академиялық жазылымды үйрету барысында тілдік нормаларды сақтауды, дәлдік пен грамматикалық сауаттылықты күшейтуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, цифрлық құралдардың көмегімен жазылым дағдыларын жетілдіру оқушылардың өзіндік жұмыстарының сапасын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Жаңа білім беру мазмұнында академиялық жазылымды оқыту – оқушылардың білім деңгейін арттырып, олардың ғылыми және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытудың негізгі құралы саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulattyk-kuryltaydyn-tortinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-14242>

2. Оразәлі М., Білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылық. ОҚМПУ хабаршысы, 2020 жыл.

3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>
4. Динаева Б.Б., Сапина С.М., Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері. Оқу құралы. 2020 жыл, 7-бет
5. Академиялық мәтін жазу шеберханасы. Астана: Қазақстандық қоғамдық даму институты, 2024. 13-бет.
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>
7. Chris sowton. 50 steps to improving your academic writing. Study book.
8. Күзекова З.С. Академиялық жазу. Оқу құралы.- Алматы:2025.- 248 бет
9. Манкишева А.М. Жазылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары. Оқу бағдарламасы. Орал, 2024. 4-бет

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОМУ ПИСЬМУ (ДЛЯ УЧАЩИХСЯ 10–11 КЛАССОВ)

Қыдырбай Аяна Ғалымжанқызы

Научный руководитель: Жолшаева Майра Сатыбалдиевна

В статье рассматривается методика обучения академическому письму учащихся 10-11 классов. Письмо рассматривается как процесс передачи мыслей и взглядов в письменной форме, а навыки письма – как способность представлять эти мысли систематически, обоснованно и в соответствии с научными требованиями. Особое внимание уделяется академическому письму, которое направлено не только на развитие письменной грамотности, но и на формирование у школьников навыков критического мышления, анализа информации и написания в научном стиле. В ходе исследования анализируются основные требования и особенности академического письма, а также предлагаются эффективные методы и подходы для развития письменных навыков. В статье систематически предлагаются письменные задания, такие как написание академических эссе, аргументированное доказательство позиций, применение научного стиля. В качестве исследовательского метода использована анкета, с помощью которой был определен уровень развития академических навыков письма у школьников. Примененные методы способствовали формированию письменной культуры, а также развитию творческих и критических способностей учащихся. Результаты исследования подтверждают, что обучение академическому письму способствует развитию языковых, аналитических и творческих навыков у школьников, а также помогает развить критическое мышление, глубокое понимание научной информации и умение аргументированно выразить свои мысли.

Ключевые слова: академическое письмо, написание эссе, научный стиль, приведение доказательств, письменные навыки, методика преподавания.

METHODOLOGY OF TEACHING ACADEMIC WRITING (FOR STUDENTS OF GRADES 10–11)

Kydyrbai A.G.

Scientific Supervisor: Zholshayeva M.S.

This article explores the methodology for teaching academic writing to 10th and 11th grade students. Writing is viewed as the process of conveying thoughts and opinions in written form, while writing skills are the ability to present these ideas systematically, logically, and in accordance with scientific standards. Special attention is given to academic writing, which focuses not only on writing literacy but also on developing students' critical thinking, information analysis, and scientific writing skills. The study analyzes the key requirements and features of academic writing and proposes effective methods and approaches for developing writing skills. The article systematically presents writing tasks such as academic essay writing, argumentation, and the use of scientific style. A survey method was used to determine the level of academic writing skills among students. The applied methods contributed to the formation of writing culture and the development of students' creative and critical thinking abilities. The results of the study confirm that teaching academic writing enhances students' linguistic, analytical, and creative skills, and helps them develop critical thinking, a deeper understanding of scientific information, and the ability to express their thoughts in a reasoned manner.

Keywords: academic writing, essay writing, academic style, presenting evidence, writing skills, teaching methodology.